

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Бағалы қағаздардың биржалық
сауда-саттығы Ережелеріне

Т3 қосымшасы

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық
кеңесі шешімімен

(2004 жылдың 29 желтоқсанындағы
№ 49 хаттамасы)

Бекітілді

2005 жылдың 24 қаңтарынан бастап

Қолданысқа енгізілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен

200 жылдың 20 қаңтарында

Келісілді

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау Агенттігімен

2005 жылдың 21 қаңтарында

Келісілді

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау Агенттігі Төрағасының
орынбасары

Е.Л.БАХМУТОВА

Қазақстан Республикасы қаржы
Министрлігімен

2005 жылдың 21 қаңтарында

Келісілді

Қазақстан Республикасы қаржы Мнистрлігі

А.Г.ДУНАЕВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Төрағасы

А.Г.СӘЙДЕНОВ

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" ЖАҚ

2005 жылдың 17 қаңтарында

Келісілді

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" ЖАҚ Президенті

Б.Х.ҚАПЫШЕВ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін орналастыру ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2004

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі № 7 хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" аталған барлық жерлерде ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы" деген сөздеріне тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ" деп ауыстырылды.
2. **№ 1 өзгертулер:**
 - Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2010 жылдың 12 қаңтарында келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2009 жылдың 23 қарашасындағы № 30 (з) хаттама);
 - 2010 жылдың 13 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.
3. **№ 2 өзгертулер:**
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 24 сәуірінде келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 24 наурызындағы № 14 хаттама);
 - 2014 жылдың 06 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.
4. **№ 3 өзгертулер:**
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 28 маусымындағы № 19 (з) хаттама);
 - 2017 жылдың 29 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.
5. **№ 4 өзгертулер:**
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі № 45 хаттама);
 - 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.
6. **№ 5 өзгертулер:**
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылдың 27 тамызындағы № 7 хаттама);
 - 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) арқылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін орналастыру ерекшеліктерін анықтайды.

1 Тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"шектелімді өтінім¹"** – сатып алуды қалаған максималды бағасы көрсетілген, орналастырылған қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінім;
 - 2) **"нарықтық өтінім²"** – сатып алуды қалаған бағасы көрсетілмеген, орналастырылған қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінім, осы өтінімді берген бастапқы дилер осы қазынашылық міндеттемелерді қанағаттандыруы мүмкін кез келген бағамен сатып алуды қалайтынын білдіреді;
 - 3) **"қазынашылық міндеттеме"** – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қазынашылық міндеттемесі: Эмитент Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан шығаратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз;
 - 4) **"бастапқы дилер"** – Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, сауда-саттыққа жіберілген, қор нарығының мүшесі (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 5) **"жазылым"** – алдағы қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және оларды инвесторларға сату туралы хабарландыруды (бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе басқа да қолжеткізерлік амалдармен) жариялауды тұспалдайтын тәсіл; инвесторлар осы хабарландыруларға жауап қатып, хабарландыру (орналастыру) шарттарына сәйкес орналастырылған қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінім береді;
 - 6) **"Биржа сайты"** – Биржаның Интернет-сайты (www.kase.kz);
 - 7) **"сауда-саттық жүйесі"** – Биржа өткізетін сауда-саттыққа айналысқа жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
 - 8) **"Орталық депозитарий"** – "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" (*осы абзац Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 9) **"Эмитент"** – Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі.
2. Осы Ережелерде қолданылған басқа ұғымдар, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген ұғымдарға іспеттес.
3. Осы Ережелердің мақсаттары үшін сауда-саттық деп Биржада өткізілетін сауда-саттықтарды түсіну керек.

2 бап. Қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың жалпы шарттары

1. Қазынашылық міндеттемелер:
 - 1) Эмитенттің тапсырысы бойынша, Биржа ұйымдастыратын жазылым арқылы;
 - 2) сауда-саттықта Биржа арқылы орналастырылады.

¹ Рұқсат етілетін синоним – "бәсекеге қабілетті өтінім".

² Рұқсат етілетін синонимдер – "шектелмеген өтінім", "бәсекеге қабілетсіз өтінім".

2. Эмитенттің тапсырысы бойынша Биржа ұйымдастыратын жазылым арқылы қазынашылық міндеттемелерді орналастырғанда, қазынашылық міндеттемелерді орналастыру туралы хабарландыруға жауап ретінде берілген өтінімдер Биржаға тек бастапқы дилерлер³ арқылы беріле алады.

Қазынашылық міндеттемелерді сауда-саттықта орналастырғанда, осы сауда-саттыққа тек бастапқы дилерлер ғана қатыса алады (орналастырылған қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінім бере алады).

3. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша сауда-саттықты ұйымдастырып өткізгені үшін, сондай-ақ, Биржа арқылы жазылу тәсілімен қазынашылық міндеттемелердің орналастырылуын ұйымдастырғаны үшін, Биржа Эмитенттен ешқандай сыйақы және қандай да бір алымдарын алмайды.

3 бап. Эмитенттің айрықша міндеттері

1. Эмитент Биржа мүшесі болып табылмайды, бірақ сонымен бірге, қазынашылық міндеттемелердің сауда-саттығын ұйымдастырып өткізуге қандай да бір қатысы бар Биржаның барлық ішкі құжаттары нормаларын, осы Ережелер және/немесе Биржа арқылы қазынашылық міндеттемелерді орналастыру туралы Эмитент пен Биржа арасында жасалған келісім-шарт нормаларына сәйкес келмеген жағдайлардан басқа, сақтауы тиіс; осындай жағдайларда осы Ережелердің және/немесе айтылмыш келісім-шарттың Биржаның басқа ішкі құжаттары нормаларынан күші басым болады.
2. Қазынашылық міндеттемелерді орналастырғанда Эмитент бастапқы дилерлер мен олардың қызмет көрсететін қазынашылық міндеттемелерді сатып алушы инвесторлардың теңқұқтық принципін сақтауы тиіс (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тыйымдар мен шектеулерін Эмитентпен қолдану жағдайларынан басқа), атап айтқанда, осы Ережелердің, осы баптың 1 тармағында аталған келісім-шарттың және Биржаның басқа да ішкі құжаттарының нормаларын орындағанда, сондай-ақ, басқа да тең жағдайларда, еш бір бастапқы дилерлер мен олар қызмет көрсететін қазынашылық міндеттемелерін сатып алушы инвесторлардың құқығын басқа бастапқы дилерлер мен олар қызмет көрсететін қазынашылық міндеттемелерін сатып алушы инвесторлардың және басқа да ықтимал тұлғалардың пайдасына шектеуге Эмитенттің құқығы жоқ.
3. Қазынашылық міндеттемелерді Биржа арқылы алғашқы рет орналастыру басталар алдында Эмитент Биржаға, осы Ережелерде, осы баптың 1 тармағында айтылмыш келісім-шартта және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында қарастырылған, қазынашылық міндеттемелерді Биржа арқылы орналастыруға қатысты шешімдерді қабылдауға өкілденген жеке тұлғалардың (қолтаңбаларының үлгілерімен) тізімін беріп, (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) үнемі актуалды күйінде ұстап отыруы тиіс.

Сауда-саттық жүйесімен алыстан кіру тәртібінде жұмыс жасау барысында Эмитент ақпараттарды бағдарламалық-криптографиялық қорғау құралдарын қолданғанда, Биржа арқылы қазынашылық міндеттемелерді орналастыруға қатысты, электрондық құжат күйінде, енгізілген электрондық сандық қолтаңбасы қойылып, Биржаға берілген хабарландырудың кез келгеніне, осы тармақтың бірінші абзацында аталған тізімге Эмитент жеке тұлғалардың қайсысын енгізгеніне қарамастан, айтылмыш хабарландыру Эмитент берген хабарландыру деп саналады да, осындай хабарландыруға және оның қандай да бір салдарына Эмитент толық жауапты болады.

³ Сондай-ақ, бастапқы дилерлер инвесторлар ретінде, Биржа арқылы жазылым тәсілімен орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінім беруге құқылы.

2 тарау. ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БИРЖА АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫМ ТӘСІЛІМЕН ОРНАЛАСТЫРУ

4 бап. Негізгі процедуралар

1. Осы Ережелердің 4 және 5 баптарының мақсаттары үшін өтінімдер деп, Эмитенттің өтінішіне жауап ретінде берілген, орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға инвесторлардың берген өтінімдері түсініледі.
2. Жазылым жүргізуді ұйымдастыру үшін Эмитент Биржаға жазылым жүргізу шарттарын анықтауға, оның ішінде мынадай шарттарды айқындауға тиіс, бірақ олармен ғана шектелмей, еркін нысандағы өтінішті ұсынуы тиіс:
 - 1) орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер, олардың саны;
 - 2) эмитент үшін өтінімдерді қабылдаудың қолайлы кезеңі (осы кезеңнің басталу және аяқталу күні мен уақытын көрсете отырып);
 - 3) өтінімдерге енгізуге жататын деректемелер;
 - 4) Эмитент үшін қолайлы, қабылданған өтінімдер тізілімін Биржаның беру күні мен уақыты;
 - 5) Эмитенттің өтінімдерді қанағаттандыру немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту шешімі туралы хабарламаны Биржаға берген күні мен уақыты;
 - 6) эмитент үшін есеп айырысуды жүзеге асырудың қолайлы күні.
3. Эмитенттің өтінішінде, Эмитенттің пікірі бойынша, жазылым жүргізу үшін қажетті өзге де шарттар анықталуы мүмкін.
4. Биржа Эмитенттің өтінішін, осы өтініште Эмитент үшін өтінімді қабылдау кезеңінің басталу күні ретінде көрсетілген күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей алуға тиіс.
5. Биржа, Эмитенттің өтінішін алған күні ішінде, осы баптың 2 тармағының 2), 4), 6) тармақшаларына және 3 тармағына сәйкес, Эмитенттің өзі анықтаған жазылым жүргізу шарттарына осы шарттардың Биржа мен Орталық депозитарийдің мүмкіндіктеріне сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша өзгерістер енгізуге құқылы.
6. Қазынашылық міндеттемелерді жазылым арқылы орналастырғанда Биржа, Эмитенттің жазылым жүргізу шарттарына сәйкес келетін өтінімдерді ғана, қабылдайды;
7. Өтінімдерді қабылдаудың жазылу шарттарымен белгіленген кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа қабылдаған өтінімдерді оларды берген инвесторлар жоя алмайды (кері қайтара алмайды), сол сияқты Биржа қабылдаған өтінімдердің шарттарын өзгерте алмайды.
8. Өтінімдерді қабылдаудың жазылу шарттарымен белгіленген кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа қабылданған өтінімдер тізілімін қалыптастырады. Осы тізілімге енгізілетін мәліметтердің көлемін Биржа жазылым шарттарын негізге ала отырып, Эмитентке Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндей етіп анықтайды.

Осы тізілімде келтірілген инвесторлар туралы ақпарат құпия болып табылады және осы ақпаратты жария еткені үшін және осындай жария етудің кез келген ықтимал салдары үшін жауап беретін, Эмитентке ғана арналған.

Биржа Эмитентке қабылданған өтінімдер тізілімін, Биржаның қабылданған өтінімдер тізілімін беру күні мен уақыты ретінде жазылым талаптарында белгіленген сәттен кешіктірмей, ұсынуға міндетті.

9. Осы баптың 2 тармағының 5) тармақшасына сәйкес Эмитент анықтаған сәттен кешіктірмей, Эмитент, Биржа қабылдаған өтінімдерді толық немесе ішінара қанағаттандыру немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы өзінің шешімі туралы Биржаға хабарлама береді (осы баптың 10 және 11 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен).
10. Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыруы туралы Эмитенттің шешімі, оның орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жазылым жүргізу шарттарына және осы шешімге сәйкес баға (бағалар) бойынша және мөлшерде мәмілелер жасасуға келісімін білдіреді.
11. Эмитенттің осы баптың 9 тармағында көрсетілген хабарламасы мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:
 - 1) (Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы Эмитент шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламаға енгізілетін мәліметтердің көлемі Биржаға жазылу жүргізу және осы шешім шарттарына сәйкес қанағаттандырылуға жататын өтінімдерді берген инвесторлар арасында қазынашылық міндеттемелерді бірдей бөлуге мүмкіндік беруі тиіс;
 - 2) (Эмитент қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламада мұндай бас тарту себебінің сипаттамасы болуға тиіс.
12. Эмитенттің осы баптың 9 тармағында көрсетілген хабарламасын алғаннан кейін, Биржа бастапқы дилерлерге (электрондық пошта арқылы немесе сауда-саттық жүйесі арқылы) береді, сондай-ақ Эмитенттің қандай шешім қабылдағаны туралы – Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (толық немесе ішінара) немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы ақпараттық хабарламаны Биржаның интернет-ресурсында жариялайды.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 28 маусымындағы шешімімен өзгертілген).

5 бап. Есептесулер

1. Жазылым арқылы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуларды Орталық депозитарий өзінің Ережелер жиынтығына және сауда-саттықты ұйымдастырушыға қызмет көрсету туралы Биржамен жасалған келісім-шартына сәйкес жүзеге асырады.
2. Орталық депозитарий жазылым арқылы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру күні ретінде жазылым жүргізу талаптарында белгіленген күні есеп айырысуды жүзеге асырады.
3. Жазылым арқылы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырудың басталуына қарай, оларды сатып алушылар өздері берген өтінімдер көлемінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде немесе Орталық депозитарийде олардың аттарына ашылған шоттарда ақшаның болуын қамтамасыз етеді.
4. Жазылым арқылы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысулар аяқталғаннан кейін Биржа Эмитентке оларды сатып алу-сату мәмілелерінің тізілімін береді.

Осы тізілімде келтірілген қазынашылық міндеттемелерді сатып алушылар туралы ақпарат құпия болып табылады және осы ақпаратты жария еткені үшін және осындай жария етудің кез келген ықтимал салдары үшін жауап беретін Эмитентке ғана арналған.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 28 маусымындағы шешімімен өзгертілген).

3 Тарау. ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ САУДА-САТТЫҚТА ОРНАЛАСТЫРУ

6 бап. Жалпы қағидалар

1. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі мамандандырылған сауда-саттық әдісі болып табылады.

Эмитенттің қалауы бойынша қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша сауда-саттық мамандандырылған сауда-саттық әдісінен басқа сауда-саттық әдісімен өткізілуі мүмкін.

Сауда-саттық әдістерінің сипаттамалары Биржаның ішкі құжаттарында берілген.
2. Мамандандырылған сауда-саттық әдісін қолданған кезде қазынашылық міндеттемелер аукционда орналастырылады, ал егер қазынашылық міндеттемелердің орналастыруын жалғастыру қажет болса – олардың қосымша орналастыруы (қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру сауда-саттығында) және қайталама аукциондарда⁴ орналастыру арқылы, сондай-ақ, қазынашылық міндеттемелердің қосымша орналастыруы да қоса жүзеге асырылады.
3. Қазынашылық міндеттемелерді аукциондарда (қайталама аукциондарда) орналастырғанда:
 - 1) орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға бастапқы дилердердің шектелімді өтінімдерін де, нарықтық өтінімдерін де;
 - 2) орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға бастапқы дилердердің тек шектелімді өтінімдерін ғана Биржа қабылдауы тиіс деп Эмитент белгілеуге құқылы.
4. Қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастырғанда бастапқы дилерлер орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға тек шектелімді өтінімдер және, деректеме ретінде Эмитенттің бағасы көрсетілеті, өтінім бере алады *(осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*..
5. Осы Ережелердің 7-10 баптарының мақсаттары үшін:
 - 1) Эмитенттің өтініші деп Эмитенттің қазынашылық міндеттемелерді аукционда (қайталама аукционда) орналастыру немесе қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша сауда-саттығын өткізу туралы өтінішін түсіну керек;
 - 2) өтінімдер деп бастапқы дилердердің орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерін сатып алуға өтінімдерін түсіну керек.

⁴ Бұл да, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылдың 08 қыркүйегіндегі № 941 қаулысымен бекітілген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, қызмет көрсету және өтеу ережелерінің 6 тармағында қатарстырылған, қайта ашылу сияқты

7 бап. Аукцион

1. Эмитенттің өтініші Биржаға Эмитент белгілеген аукцион өткізу күнінен екі жұмыс күн бұрын берілуі тиіс.
2. Эмитенттің өтінішін қабылдағаннан кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей Биржа бастапқы дилерлерге (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы), сондай-ақ Биржа сайтында қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукцион өткізілетіні туралы ақпараттық хабарландыру жариялайды.
3. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукцион өткізілетін күні:
 - 1) Биржа өтінімдерді Алматы уақытымен 09.00-ден бастап Алматы уақытымен 11.00-ге дейін қабылдайды; осы уақыт аралығында бастапқы дилерлер Биржа қабылдаған өтінімдерінің күшін жоюға және олардың шарттарын өзгертуге құқылы;
 - 2) Алматы уақытымен 09.00-ден бастап 11.30-ға дейін бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушылары Биржаға бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушылары бақылайтын сауда-саттық шоттары қанағаттандырылған кезде пайдаланылатын өтінімдерді растауды немесе растаудан бас тартуды беруге міндетті; егер Биржа Алматы уақытымен 11.30-ға дейін осы өтінімдердің растауын алмаса, олар Биржа қабылдамаған болып танылады және олар Биржамен жойылады (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 3) Алматы уақытымен 12.00-ге дейін Биржа қабылдаған өтінімдердің жиынтық ақпартізімін құрастырып, Эмитентке береді; айтылмыш жиынтық ақпартізімге кіретін мәліметтер көлемі қазынашылық міндеттемелерді шығару шарттарында және өтініш параметрлерінде анықталады да, Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) бойынша немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы Эмитентке негізделінген шешім қабылдауға қол жеткізерлік болуы тиіс; Биржа қабылдаған өтінімдердің жиынтық ақпартізіміне осы өтінімдерді берген бастапқы дилерлер туралы ақпараттар енгізіледі;
 - 4) Эмитент Алматы уақытымен 15.00-ге дейін Биржаға өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) бойынша немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту бойынша өзінің шешімі туралы хабарлама береді;

Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) бойынша шешім қабылдаса, Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерде көрсетілген қазынашылық міндеттемелердің көлемінде де, осы көлемнен асыра да қанағаттандыруға құқылы;

Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) бойынша шешім қабылдаса, айтылмыш хабарламаға енгізілетін мәліметтер көлемі, казначелік міндеттемелердің шығарылым шарттары мен Эмитент өтінішінің параметрлеріне сәйкес қанағаттандыруға жататын өтінімдерді берген дилерлер арасында қазынашылық міндеттемелерді Биржа бір мәнді етіп бөлуіне мүмкіндік беруі тиіс;

Егер Эмитент қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тартса, айтылмыш хабарламада осындай бас тарту уәжі сипатталуы тиіс;
 - 5) Эмитенттің Биржа қабылдаған өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы шешімін Биржа қабылдағаннан кейін, ол дереу, бірақ Алматы уақытымен 15.00-ден ерте емес, Орталық депозитарийге

орналастырылған қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есептесу туралы бұйрық береді;

- б) күннің соңына дейін, Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы Эмитенттің шешіміне сәйкес, өтінімдері қанағаттандырылған бастапқы дилерлерге Биржа өзі құрастырған, Орталық депозитарийдің орналастырылған қазынашылық міндеттемелері бойынша есептесулерінің нәтижелерін ескере отырып, биржалық куәліктерін береді.

8 бап. Қайталама аукцион

1. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша қайталама аукционы осы шығарылымдағы қазынашылық міндеттемелерін орналастыру аукционы өткізілгеннен кейін кез келген күні өткізілуі мүмкін.
2. Эмитенттің өтініші Биржаға Эмитентпен белгіленген осы аукционды өткізу күнінен екі жұмыс күн бұрын берілуі тиіс (осы баптың 4 тармағындағы ерекшеліктерден басқа).
3. Эмитенттің өтінішін қабылдағаннан кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей (осы баптың 4 тармағындағы ерекшеліктерден басқа), Биржа бастапқы дилерлерге (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы), сондай-ақ Биржа сайтында қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша қайталама аукционы өткізілетіні туралы ақпараттық хабарландыру жариялайды.
4. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша қайталама аукционды шұғыл түрде өткізу қажет болса, Эмитент Биржаға өз өтінішін, осы баптың 2 тармағында бергіленген мерзімнен кеш өткізуге құқылы, бұл жағдайда:
 - 1) Эмитенттің өтініші осындай аукцион өткізілер алдындағы соңғы жұмыс күннің Алматы уақытымен 17.00-ге дейін берілуі тиіс;
 - 2) Биржа аукцион өткізетін күні Алматы уақытымен 10.00-ге дейін бастапқы дилерлерге (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы), сондай-ақ Биржа сайтында осы аукцион өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама жариялайды.
5. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыруы бойынша қайталама аукционы осы Ережелердің 7 бабының 3 тармағында белгіленген тәртіпке іспеттес өткізіледі.

9 бап. Қосымша орналастыру

1. Қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша сауда-саттықтар, осы шығарылымның қазынашылық міндеттемелерін орналастыру бойынша өткізілген аукционы (қайталама аукционы) болған күні, жүзеге асырылады.
2. Айтылмыш сауда-саттықты өткізу туралы Эмитенттің өтінішін Биржа Алматы уақытымен 15.00-ге дейін қабылдауы тиіс.
3. Қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізілетін күні Алматы уақытымен 15.30-ға дейін Биржа бастапқы дилерлерге (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесі арқылы) хабарлама беріп, сондай-ақ Биржа сайтында айтылмыш сауда-саттық өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама жариялайды.
4. Қазынашылық міндеттемелерді қосымша орнылыстыру бойынша сауда-саттық өткізгенде:

- 1) Биржа өтінімдерді Алматы уақытымен 15.30-дан бастап 16.00-ге дейін қабылдайды; осы уақыт аралығында бастапқы делдалдар Биржа қабылдаған өтінімдердің күшін жоюға және шарттарын өзгертуге құқылы;
- 2) бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар Алматы уақытымен 15.30-дан 16.15-ке дейін бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар бақылайтын сауда-саттық шоттары қанағаттандырылған кезде пайдаланылатын өтінімдерді растауды немесе растаудан бас тартуды Биржаға беруге міндетті; егер Биржа Алматы уақытымен 16.15-ке дейін осы өтінімдердің растауын алмаса, олар Биржа қабылдамаған болып танылады және оның күшін жояды (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
- 3) Алматы уақытымен 16.30-ға дейін Биржа қабылдаған өтінімдердің сомалық көлемі туралы мәліметтерді құрастырып, Эмитентке ұсынады;
- 4) Алматы уақытымен 17.00-ге дейін Эмитент Биржаға, оның қабылдаған өтінімдерін қанағаттандыру немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту бойынша өзінің шешімі туралы, хабарлама береді:

Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы Эмитенттің шешімі осы шығарылымның қазынашылық міндеттемелерін орналастыру орналастыру бойынша аукцион (қайталама аукцион) нәтижелері бойынша сол күні белгіленген баға бойынша және Эмитент өтінішінің параметрлеріне және осы шешімге сәйкес мәміле жасасу туралы Эмитенттің келісімін білдіреді; ал, осы мәмілелерді жасасу факті осылар бойынша есептесуге негіз болып табылады;

Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру шешімін қабылдағанда Эмитенттің өтінімінде көрсетілген орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер саны шегінде және одан асыра қанағаттандыруға құқылы;

егер Эмитент қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тартса, айтылмыш хабарламасында осындай бас тартуының әушін сипаттауы тиіс;

- 5) Эмитенттің Биржа қабылдаған өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы шешімін Биржа қабылдағаннан кейін, ол дереу, бірақ Алматы уақытымен 17.00-ден ерте емес, Орталық депозитарийге орналастырылған қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есептесу туралы бұйрық береді;
- 6) күннің соңына дейін, Биржа қабылдаған өтінімдерін қанағаттандыру туралы Эмитенттің шешіміне сәйкес өтінімдері қанағаттандырылған бастапқы дилерлерге Биржа өзі құрастырған, Орталық депозитарийдің орналастырылған қазынашылық міндеттемелері бойынша есептесулерінің нәтижелерін ескере отырып, биржалық куәліктерін береді.

10 бап.

Есеп айырысулар

1. Бастапқы дилер:
 - 1) қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукцион (қосымша аукцион) өткізгенде – аукцион өткізілетін күні Алматы уақытымен 15.00-ге дейін;
 - 2) қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізгенде – осы сауда-саттық өткізілген күні Алматы уақытымен 17.00-ге дейін оның сатып алған қазынашылық міндеттемелеріне

төлеуге жеткілікті (бастапқы дилердің берген және Биржа қабылдаған барлық өтінімдері қанағаттандырылады деп болжағанда) ақшаның қолда бар болуын⁵ қамтамасыз етуі тиіс.

2. Орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есептесулер:
 - 1) қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукцион (қосымша аукцион) өткізгенде – аукцион өткізілетін күні Алматы уақытымен 15.00-ге дейін;
 - 2) қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізгенде – осы сауда-саттық өткізілген күні Алматы уақытымен 17.00-ге дейін орталық депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес жүзеге асырылады.
3. Орналастырылған қазынашылық міндеттемелер бойынша есептесулерді жүзеге асырғаннан кейін, Орталық депозитарий Биржаға осындай есептесулердің орындалғаны туралы есеп беріп, сондай-ақ, қандай да бір бастапқы дилер осы баптың 1 тармағында белгіленген міндеттерін орындамаған жағдайда, орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есептесуді жүзеге асыру туралы Биржа бұйрығын орындамауы туралы есеп береді.

Айтылмыш есеп берулерді алғаннан кейін Биржа оларды дереу Эмитентке ұсынады.

Тарау 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

11 бап. Эмитенттің жауапкершілігі

1. Эмитент, осы Ережелердің 4 баптың 2 тармағының 4) тармақшасында, 7 баптың 3 тармағының 4) тармақшасымен, 9 баптың 4 тармағының 4) тармақшасында белгіленген, міндеттерін бұзған жағдайда, сондай-ақ мамандандырылған сауда-саттық әдісінен басқа сауда-саттық әдісін қолданып қазынашылық міндеттемелерді орналастыру кезінде өз міндеттерін бұзғанда, Биржа қазынашылық міндеттемелер бойынша сауда-саттық болмады деп жариялап, сонымен бірге, Биржа Эмитентке осындай тәртіп бұзушылығы және тәртіп бұзушылықтың кез келген мүмкін болатын салдарына толық жауапкершілікті жүктеуге құқылы.
2. Осы Ережелерге сәйкес, бастапқы дилерлердің нақты қайсысы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінім беріп, орналастырылатын (орналастырылған) қазынашылық міндеттемелермен мәміле жасасқаны туралы Эмитентке берілетін ақпараттар құпия болып табылады да, тек Эмитентке ғана арналған, ал ол болса осы ақпараттың әйгіленуіне және осындай әйгілеудің мүмкін болатын салдарына жауапты болады.

12 бап. Бастапқы дилерлердің жауапкершілігі

Бастапқы дилер, осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағында және/немесе 10 баптың 1 тармағында белгіленген, міндеттерін бұзған жағдайда:

- 1) осы бастапқы дилерге Биржа арқылы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді бұдан әрі сатып алуға тыйым салынады, осындай тыйым Биржалық кеңестің шешімімен ғана алып тасталады;

⁵ Орталық депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша есептесуді жүзеге асыру үшін қолданылатын ақшалай есеп-шотында.

- 2) аталған бастапқы дилер, осы Ережелердің 5 бабының 1 тармағында және/немесе 10 баптың 1 тармағында белгіленген міндеттерін бұзу нәтижесінде орындалмаған қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәміле сомасының 2 % көлемінде тұрақсыздық төлемін өтеуі тиіс *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 3) осы баптың 2) Тармақшасында аталған тұрақсыздық төлемі осы бастапқы дилерге берілген ескертпе-хатында көрсетілген Биржаның есеп-шотына аударылып, осы төлем есеп-шотқа түскеннен кейін, Биржа оны, осы мақсатта берген деректемелері бойынша, Эмитентке аударады.

Президент

А.М. Жолдасбеков